

АШЫҚ САБАҚ

Сабақтың тақырыбы:

“Ерітіндіні жағатын және
тегістейтін аспаптармен жұмыс
істеу тәсілдері”

Дайындаған: арнайы пән оқытушысы

Имашев А.С

2017 жыл

Сабақтың мақсаты:

**Оқушыларға ерітіндіні жағатын және
тегістейтін аспаптармен жұмыс істеудің
әдіс-тәсілдерін үйрету.**

Тәрбиелігі:

**Оқушыларды еңбексүйгіштікке,
шеберлікке, ептілікке, ұқыптылыққа
тәрбиелеу**

ары
кезі
ндег

і

қауі

псіз

дік

ере

жел

ері

-Сылақшылар іске кірісер алдында өздерінің жұмыс орындарымен танысуға, басы артық заттарды әсіресе шегелері шығып тұрған тақтайлардың бәрін жинауға міндетті. Егер тақтайлар жинауға келмесе, шегелерін қайырып тастау керек.

- Жұмыс басталғанға дейін құрал-сайманды тексеріп шығып, бұзылған жерлерін түзеу ұсынылады. Құрылыс шеберімен бірге сатылы қоршауды (леса) , доңғалақты сатыларды (подмости) және аспалы сатыларды (люлька) тексеріп , оларды бүкіл жұмыс бойына қадағалап отыру керек.

- Жұмыстан соң құралдарды тазалап , жұмыс орнын жинау

Қажетті материалдар, құрал-жабдықтар



□ **Сылақ қалағы-** (штукатурная кельма) ~~Сылақ қалақтарымен~~ әртүрлі материалдарды көсіп алып салады, белгілі шамамен үстемелеп қосады, құрғақ және ерітінді күйінде араластырады, соққылайды, жағады, тегістейді, сылайды, ертіндіні жонады, аспаптарды, құрал-саймандар мен қосымша жабдықтарды ертіндіден тазартады.



□ *Кескіш қалақ*- (отрезовка)

кескіш қалақтарды
аспаптарды тазарту ,
сылақтың жарылған
жерлерін жону үстеме
сылақ жүргізу, бедерлі
сылақтардың
бұрыштарын өңдеу
кезінде артық ертіндіні
жонып алу және түзету ,
сылақ бетін
қатқылдандыру үшін
қолданады.





Сокол – Тұтқасы астынан ортасына орнатылған ағаш немесе дюралюминийден жасалған қалқан . Соколдан ерітіндіні қалақпен алып жағады немесе тікілей өзімен жағып тегістеді.



▣ Аңдама қалақ — (полутерка) аңдама қалақ табақша және тұтқадан тұрады . Оларды ағаштың бұтағы жоқ жерінен жасайды . Пайдалануына қарай олардың қалақтарының ұзындығы 150-2000 мм болады. Аңдама қалақтарды ертіндіні тегістеу , жағу . архитектуралық элементтерді ысқылау үшін пайдаланады.

ТЕГІСТЕГІШ ҚАЛАҚТАР

Тегістегіш қалақтарды
(гладилки) да сылау
үшін қолданады
Тегістегіш қалақтар
ағаштан немесе
болаттан жасалады.
Ағаштан жасалғандары
резеңкемен қапталған
аңдама қалақтар. Оның
табақшаларының
ұзындығы мен ені әр
түрлі бола береді.



□ **Деңгейлік** (уровень) вертикаль және горизонталь беттерді тексеру үшін қолданады. Олардың ұзындығы әр түрлі, металдан және ағаштан жасалады, бір немесе екі нысаланғышы болады. Деңгейлікті жерге құлап түсуден сақтау керек, әйтпесе оның жарылып кетуі немесе нысаналағышытарының орынан қозғалып кетуі мүмкін.



СЫЛАҚ БАЛҒАСЫ (ШТУКАТУРНЫЙ МОЛОТОК)


Сылақ балғасы басының бір жағы 25x25 өлшемді тас уатқыш, екінші жағы айыркүйықты шеге суырғыш болып келеді. Балға ұзындығы 300 мм сапқа кигізіледі.



□ Жылжымалы тиегі бар


бұрыштама (угольник с передвижной планкой) ағаштан және металдан жасалғандары болады, олардың есік терезе жақтауларының жарық түсу бұрышын анықтайтын жылжымалы тиегі бары жақсы. Бұлар үлкенді-кішілі дегендей әр түрлі боп келеді.

Бұрыштамалар өлшеу түйықтамаларды, бұрыштарды тексеру, қырлы тақтайларды әзірлеу үшін қажет .





- **Маяктардың** ағаштан және металдан жасалғаны болады. Ағаш маяктар-көлденен кесіндісі 40x40-тан 50x50-ге дейін жететін рейка-түзеткіштер. Аспаптық металл маяктарды көлденен кесіндісі 25x25 , 30x30, және 35x35 мм болат, дюральюменнен немесе басқа қатты бұрыш темірден жасайды. Солардың көмегімен қалыңдығы тиісінше 18,22 және 25 мм сылақты жағады. Маяқтың ұзындығы сыланатын қабырға биіктігінен 100 мм қысқа болуы тиіс.



- **Ерітіндіге арналған жәшіктер** (растворные ящики) құрғақ топырақ пен оған араластырылатын заттар қоспасын және ерітінділерді сақтау, дайындау үшін қолданылады. Олардың ағаштан және металдан жасалғандары болады. Ең ыңғайлысы металдан жасалған аспаптық жәшік – арба. Олар екі аяқты және қос доңғалақты, тұтқалы арбадан тұрады да оның үстіне сыйымдылығы 0,1м³-ге дейінгі алмалы-салмалы жәшік орнатылады.

Сылақшы жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелері

-Сылақшылар іске кірісер алдында өздерінің жұмыс орындарымен танысуға, басы артық заттарды әсіресе шегелері шығып тұрған тақтайлардың бәрін жинауға міндетті. Егер тақтайлар жинауға келмесе, шегелерін қайырып тастау керек.

- Жұмыс басталғанға дейін құрал- сайманды тексеріп шығып, бұзылған жерлерін түзеу ұсынылады. Құрылыс шеберімен бірге сатылы қоршауды (леса) , доңғалақты сатыларды (подмости) және аспалы сатыларды (люлька) тексеріп , оларды бүкіл жұмыс бойына қадағалап отыру керек.

- Жұмыстан соң құралдарды тазалап , жұмыс орнын жинау

Жұмысты орындау технологиясы

-Ерітіндіні сылақ қалағымен қабырғаға тастау .

-Ерітіндіні ожаумен тастау.

-Ерітіндіні соколмен жағу.

- Ерітіндіні аңдамамен тегістеу.



**Назар аударғаныңызға
рахмет!!!**